

Ресми рецензент, м.ғ.к., қауымдастырылған профессор Нурхасимова Раушан Габбасовна  
 Донаева Айнұр Ергалиқызының 8D10102 «Медицина» бағдарламасы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін алуға бағытталған  
 «Жасөспірім қыз балалардың біріншілік дисменорея кезіндегі D дәрумені деңгейімен және оның VDR генінің полиморфизмімен байланысы»  
 тақырыбындағы диссертациялық жұмысына  
**жазбаша пікірі**

№	Критерийлер	Критерийлерге сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін атап өту қажет)	Ресми рецензенттің ұстанымын енгізу
1	Диссертация тақырыбы (бекітілген күнге) ғылымы дамыту бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаға сәйкес келеді	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын жоба немесе мақсатты бағдарлама шеңберінде орындалған (жобаның немесе Бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама шеңберінде орындалған (бағдарламаның атауы көрсетілсін) 3) Диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді (бағытты көрсету)	Негізгі ғылыми зерттеу жұмысы 2021-2023жж. БЖЖБМ және Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік Медицина университетімен гранттық қаржыландырылған ғылыми-техникалық жобасы АР09563004 «Біріншілік дисменореясы бар жасөспірім қыздардағы сүйек тінінің минералды тығыздығы жағдайы мен метаболизмінің ерекшеліктері» фрагменті болып табылады. ҚР ДСМ қыздар мен жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығын жақсарту мақсатында "Қазақстан Республикасында балалар гинекологиясын жетілдірудің 2022-2026 жылдарға арналған Жол картасына" және осы басым бағытты одан әрі дамыту үшін әрбір азаматқа «Сапалы және қолжетімді медициналық көмек» (бұдан әрі – ұлттық жоба) «Салауатты ұлт» ұлттық жобасында көрсетілген бағыт болып саналады (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы No 725 қаулысы.)
2	Ғылым үшін маңызы	Жұмыс келесі айтарлықтай үлес <b>қосады</b> /қоспайды және оның маңыздылығы және оның маңыздылығы <b>жақсы ашылған</b> /ашылмаған	Біріншілік дисменорея кезіндегі D дәрумені тапшылығы мен VDR генінің полиморфизмі арасындағы байланыстың алғаш рет зерттелуі басты жаңалығы болып табылады. Диссертация авторы ғылыми жаңалығы мен қорғауға ұсынылатын негізгі ережелерді толық орындады.
3	Дербестілік принципі	Дербестік деңгейі:	Диссертация авторы академиялық адалдық құндылықтарын және

		<p>1)жоғары; 2)орташа; 3)төмен; 4)дербестілік жоқ</p>	<p>академиялық адалдық принциптерін толық ұстанды. Жұмысты орындау барысында диссертант ғылыми зерттеуді өзі ұйымдастырып ғылыми техникалық жобаның орындаушысы ретінде іске асырып отырды. Ғылыми жұмыс шеңберінде диссертант өз бетінше зерттеу материалдарын жинаған, автор өз бетінше мәліметтер қорын, статистикалық талдауын жан-жақты жасаған, зерттеу нәтижелерін және оларды талқылап, қорытынды жасай отырып, тұжырымдар және тәжірибелік ұсыныстар анық беріп отыр.</p>
4	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертацияның өзектілігін негіздеу: <b>1) негізделген;</b> 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген</p>	<p>Диссертация авторы тақырыптың өзектілігін айтарлықтай жоғары деңгейде ашып отыр және ол диссертациялық жұмыста анық және дәлелді негізделген. Диссертация өзектілігін шетелдік, ресейлік, жергілікті ғалымдар тұжырымдай отырып, сонымен қатар Халықаралық денсаулық ұйымының және басқа да маңызды ассоциялардың ұсыныстарына толық тоқталып отыр.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын ашып көрсетеді: <b>1) Ашып көрсетеді;</b> 2)Ішінара ашып көрсетеді; 3) Ашып көрсетпейді</p>	<p>Ғылыми жұмыс шеңберінде диссертант зерттеу материалдарын толық жинаған және зерттеу нәтижелерін тұжырымдай отырып теориялық, нақтырақ айтсам генетикалық құнды қорытындылар жасаған. Донаева А.Е диссертациялық жұмысы біріншілік дисменорея кезіндегі мәселенің өзектілігін қамтитын кіріспеден, төрт тараудан, қорытындыдан, тәжірибелік ұсыныстар мен пайдаланылған әдебиеттер тізіміне қойылатын талаптарға сәйкес екенін ашып көрсетеді.</p>
		<p>4.3 Мақсаттары мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: <b>1) сәйкес келеді;</b> 2)Ішінара ашып көрсетеді; 3)Сейкес келмейді</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мақсатына орай, негізгі 3 міндеттерінен тұрады. Әрбір міндет дәйекті және логикалық түрде зерттеу мақсатын жүзеге асыруға бағытталған.</p>

		<p>4.4 диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық өзара байланысты:</p> <p><b>1) толығымен өзара байланыс;</b></p> <p>2) ішінара өзара байланыс;</p> <p>3) өзара байланыс жоқ</p>	<p>Зерттеу көлемі жұмыстың өзіндік нәтижелерін, тұжырымдарын, қорытындыларын және ұсыныстарын қамтитын бөлімдерде дәйекті түрде сипатталған мәселелерді шешумен тығыз байланысты.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен ережелері қисынды түрде өзара байланысты және ішкі бірлікпен сипатталады.</p>
		<p>4.5 автор ұсынған жаңа шешімдер (принциптер, әдістер) белгілі шешімдермен салыстырғанда дәлелденген және бағаланған:</p> <p><b>1) сыни талдау бар;</b></p> <p>2) ішінара талдау;</p> <p>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың дәйексөздерін білдіреді</p>	<p>Әрбір нәтиженің негізділігі мен сенімділік дәрежесі таңдалған тақырыптың өзектілігімен, мақсаттың ойластырылғандығымен, алға қойылған мақсаттар мен шешілген мәселелердің сәйкестігімен қамтамасыз етіледі; диссертация бойынша алынған ғылыми нәтижелер нақтыланған және тұжырымға негізделеді.</p>
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <p><b>1) толығымен жаңа</b></p> <p>2) ішінара жаңа (25%-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (25%-дан аз жаңа);</p>	<p>Ұсынылған нәтижелердің сенімділігі алынған мәліметтерді статистикалық өңдеудің заманауи әдістерін қолданумен расталады. Осылайша, алынған нәтижелер негізделген және ғылыми жаңалығы күмән келтірмейді.</p>
		<p>5.2 диссертацияның тұжырымдары жаңа ма?</p> <p><b>1) толығымен жаңа;</b></p> <p>2) ішінара жаңа (25%-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (25%-дан аз жаңа);</p>	<p>Диссертациялық жұмыс нақты тұжырымдалған және әрбір ұсынылған тұжырым жаңалығы айқын.</p>
		<p>5.3 техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген болып табылады:</p> <p><b>1) толығымен жаңа;</b></p> <p>2) ішінара жаңа (25%-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (25%-дан аз жаңа);</p>	<p>1. № 16666 14.04.2021ж «Жасөспірім қыздарға арналаған сауалнама» атты авторлық куәлік алынды.</p> <p>2. «Жасөспірім қыздардың біріншілік дисменореясын диагностикалау тәсілі» атты пайдалы модельге патент ҚР №7043 29.04.2022 <a href="https://cloud.mail.ru/public/t72J/AD88UDReC">https://cloud.mail.ru/public/t72J/AD88UDReC</a></p> <p>3. Диссертанпен мемлекеттік тізіліміне мәліметтер енгізу туралы, ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есепке авторлық құқық алынды 2022 жылғы 13 желтоқсандағы № 31061 ұсыныстар</p>

			әзірленіп, іске асырылды.
6	Негізгі тұжырымдардың негізділігі	Барлық негізгі тұжырымдар ғылыми дәлелдерге негізделген/негізделмеген немесе жеткілікті түрде негізделген	Зерттеу нәтижелерін автор әртүрлі статистикалық өңдеуді пайдалана отырып талдады.
7	Қорғауға шығарылатын негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша мынадай сұрақтарға жеке жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 жағдай дәледенді ме?</p> <p><b>1) дәлелденген;</b>  2) дәлелденгендей;  3) дәлелденген жоқ;  4) дәлелденбеген</p> <p>7.2 тривиальды ам?</p> <p>1) иә;  <b>2) жоқ;</b></p> <p>7.3 жаңа ма?</p> <p><b>1) иә;</b>  2) жоқ;</p> <p>7.4 қолдану деңгейі</p> <p>1) тар;  2) орташа;  <b>3) кең;</b></p> <p>7.5 мақалада дәлелденген бе?</p> <p><b>1) иә;</b>  2) жоқ;</p>	<p>Қорғауға 3 негізгі ереже енгізілді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. D дәрумені деңгейіне әсер ететін генетикалық полиморфизмдерді анықтау, D дәрумені тапшылығына бейім жасөспірім қыз балаларда біріншілік дисменореяны ерте диагностикалауға мүмкіндік береді.</li> <li>2. Жасөспірім қыз балалардың біріншілік дисменореяның дамуында VDR гені полиморфизмі бойынша нәтижелер жоғары ықтималдықпен мүмкіндік береді.</li> <li>3. D дәрумені тапшылығына негізделген біріншілік дисменореяның ағымын ерте диагностикалау, жасөспірім қыз балалар арасында екіншілік дисменореяның(эндометриоздың) дамуына жол бермейді және алдын – алуға мүмкіндік береді.</li> </ol> <p>Қолдану деңгейі кең, өйткені бүгінгі күні балалар мен жасөспірімдер гинекологиясының өзекті мәселелерін шешу үшін оқу құралдарының тапшылығы байқалады.</p> <p>Қорғауға шығарылатын барлық 3 ереже импакт-факторы жоғары рецензияланатын халықаралық журналдарда және КОКСОН ұсынған басылымдарда сенімді, дәлелденген ғылыми жариялынымдар болып табылады, тривиалды емес, жаңа, балалар және жасөспірімдер гинекологиясында қолданудың кең деңгейі бар және өз жарияланымдарында ұсынылған.</p>
8	Шынайылық принципі. Ақпарат көздері мен берілетін ақпараттың шынайылығы	<p>8.1 әдістемені таңдау-негізделген немесе әдістеме егжей – тегжейлі сипатталған</p> <p><b>1) иә;</b>  2) жоқ;</p>	<p>"Жағдай-бақылау" дизайны бойынша генетикалық зерттеу нәтижелерін GEN-expert онлайн <a href="file:///C:/Users/Acer/Downloads/GEN-эксперт%20(1).html">file:///C:/Users/Acer/Downloads/GEN-эксперт%20(1).html</a> калькуляторы көмегімен тереңінен зерттелді.</p> <p>Біріншілік дисменореяны диагностикалаудағы болжам моделі</p>

			ретінде шешім ағашын әдісі қолданылды. Диссертация тақырыбы бойынша 11 ғылыми баспа жұмыстары жарияланды. Web of Science және Scopus ақпараттық базасында индекстелінетін халықаралық журналдағы – 3 мақала.
		8.2 диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдана отырып, ғылыми зерттеулердің заманауи әдістері мен деректерді өңдеу және түсіндіру әдістерін қолдану арқылы алынды: <b>1) иә;</b> 2) жоқ;	Алынған зерттеу нәтижелерінің статистикалық өңделуі Statistica 10., SPSS - 25 бағдарламалары көмегімен жүргізілді.
		8.3 теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар мен заңдылықтар эксперименттік зерттеумен дәлелденді және расталды (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденді): <b>1) иә;</b> 2) жоқ;	Диссертацияның теориялық тұжырымдары жағдай және бақылау зерттеу дизайнына сәйкес негізделген.
		8.4 маңызды мәлімдемелер өзекті және шынайы ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <b>1) расталған;</b> 2) ішінара расталған; 3) расталмаған	Әрбір ғылыми мәлімдеме баспа басылымына сілтемемен көрсетілген.
		8.5 пайдаланылған әдебиет көздері әдеби шолу үшін <b>жеткілікті/жеткіліксіз</b>	Қолданылған әдебиеттер саны 205, оның 177 – шетел әдебиет көздері әдеби шолу үшін жеткілікті.
9	Практикалық құндылық принциптері	9.1 диссертацияның теориялық мәні бар: <b>1) иә;</b> 2) жоқ;	Ғылыми жұмыс шеңберінде заманауи зерттеу нәтижесінде маңызды механизмдердің теориялық құндылығымен түсіндіріледі.
		9.2 диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану	Автор ұсынған практикалық ұсыныстар өзекті және тәжірибеде қолдануға жарамды.

